

Н.У. Алкенова, Р.К. Назарбаева, Л.К. Кошербаева
*Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті,
 Дәлелді медицина және ғылыми менеджмент кафедрасы*

ӨКПЕНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ ОБСТРУКТИВТІ АУРУЫ БАР НАУҚАСТАРҒА ӨЗ АУРУЫН БАСҚАРУДЫҢ ӘСЕРЛІЛІГІ

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастарға өз ауруын басқару туралы білім беруді енгізу өмір сапасын жақсартумен қатар, науқастардың ауруханаға түсуді азайтып, ауру симптомдарын жеңілдетеді. Өкпенің созылмалы обструктивті аурулары бар науқастарды емдеудегі ең күрделі мәселелерінің бірі науқастардың алған нұсқауларын дұрыс орындау болып табылады. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға білім беру бағдарламасының өмір сапасы көрсеткіштеріне әсер етуін зерттеу зерттеудің мақсаты болып табылады.

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастарға өз ауруын басқару туралы білім беру бағдарламасының өз ауруын басқаруға тигізетін әсерін бағалайтын сауалнама құрастырдық. Сауалнаманың 1 блогы науқас туралы жалпы мағлұмат пен оның әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет, 2 блогы - денсаулық сақтау ұйымымен байланыс қызметі, 3 блогы - өз ауруын басқару туралы білім деңгейі, 4 блогы - қауіп факторлары. Сауалнама екі рет жүргізілді. Бірінші сауалнама білім беру бағдарламасын өткізбес бұрын жүргізілсе, екінші рет сауалнаманы 3 айлық білім беру бағдарламасының тәжірибелік сабағынан кейін өткіздік. **Түйінді сөздер:** Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, өз ауруын басқару, ауруды басқару туралы бағдарлама, өмір сапасы.

Кіріспе.

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастарға өз ауруын басқару туралы білім беруді енгізу өмір сапасын жақсартумен қатар, науқастардың ауруханаға түсуді азайтып, ауру симптомдарын жеңілдетеді.

Дегенмен көптеген факторлар науқастар мен медицина қызметкерлерінің қатысуына кедергі келтіреді.

Сапалы зерттеулер осындай бағдарламалардың аурудың ағымына әсері туралы жақсы сипаттайды.

Жарық көрген жүйелі шолуда өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастардың өз ауруын басқаруы туралы сапалы мәліметтер науқастар мен медицина қызметкерлері тұрғысынан жинақталған.

Бұл жүйелі шолу 31 ғылыми мақаланың нәтижесі негізінде жүргізілген.

Шолуда науқастардың өкпенің созылмалы обструктивті ауруына бейімделгені анықталған дегенмен ауруды басқару ұзақ үдеріс болып табылады.[1]

Эмоционалдық қажеттіліктің маңызы зор. Көңіл күйдің бұзылуы, депрессия және ренжігіштік қатар кездеседі. Сонымен қатар науқастар күнделікті өмір салтында көптеген кедергілерді басынан өткізеді. Науқасқа отбасы тәрпынан қолдау көмегінің маңызы зор болғанымен оның ауыртпалығы да бар екені белгілі болды. Дәрігерлердің науқасқа өз ауруын басқару дағдыларын үйрету әсіресе психоәлеуметтік қажеттілікті қамтамсыз ету үшін көп уақыт керек екені анықталған.[2]

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастарға өз ауруын басқару тиімді және дәрі-дәрмекпен емдеумен бірге қатар жүруі тиіс. Сонымен қатар науқастың өз ауруына деген және оны басқару туралы жеке нанымдары мерзімді қайта қаралуы тиіс. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастар біркелкі топ болып саналмайды және ешбір медициналық араласу науқастардың барлығына бірдей тиімді бола бермейді.[3]

Осылайша тәжірибелік дәрігерлер науқастарға тиімді көмек көрсету үшін көбірек білім алуға мұқтаж екені анықталды.

Өкпенің созылмалы обструктивті аурулары бар науқастарды емдеудегі ең күрделі мәселелерінің бірі науқастардың алған нұсқауларын дұрыс орындау болып табылады.[4]

Комплайнс, немесе бейімділік, соңғы жиырма жылдан астам уақыттан бері талқыланатын тақырып болып отыр. Көптеген пікірталастар дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынастың дамуы және оның науқастардың емге бейімділігін түсінуге, болжауға және жақсартуға әсер етуі туралы болып жүр.

«Комплайнс» түсінігі замануи медициналық әдебиеттерде науқастың емдік бағдарламаға белсенді, ерікті, толық қатысуы деген ұғымды білдіреді.

Бронх астмасына ауруды басқару бағдарламалары толығымен зерттелген. Бронх астмасына қарағанда өкпенің созылмалы обструктивті ауруларына жүргізілетін ауруды басқару дағдыларына үйрету маңыздылығы алға толық қойылмаған зерттелмеген.[5]

Осыған орай зерттеудің негізгі мақсаты өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға білім беру бағдарламасының өмір сапасы көрсеткіштеріне әсер етуін сауалнама көмегімен зерттеу болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға білім беру бағдарламасының өмір сапасы көрсеткіштеріне әсер етуін зерттеу.

Материалдар және әдістері. Зерттеу дизайны проспективті, сипаттамалы және ашық. Зерттеуге өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен диспансерлік есепте тұрған 138 науқас кіргізілді. Зерттеуге 73 ер адам, 65 әйел адам қатысты.

Енгізу критерііне өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын 18 бен 85 жас аралығындағы науқастар.

Енгізу критеріі: 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, жүкті әйелдер, жасы 85тен асқан қарттар.

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бар науқастарға өз ауруын басқару туралы білім беру бағдарламасының өз ауруын басқаруға тигізетін әсерін бағалайтын сауалнама құрастырдық. Сауалнаманың 1 блогы науқас туралы жалпы мағлұмат пен оның әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет, 2 блогы - денсаулық сақтау ұйымымен байланыс қызметі, 3 блогы - өз ауруын басқару туралы білім деңгейі, 4 блогы - қауіп факторлары. Сауалнама екі рет жүргізілді. Бірінші сауалнама білім беру бағдарламасын өткізбес бұрын жүргізілсе екінші рет сауалнаманы 3 айлық білім беру бағдарламасының тәжірибелік сабағынан кейін өткіздік.

Зерттеу нәтижелері. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға өз ауруын басқару туралы білім бергеннен кейін олар тыныс алу жүйесіне жақсы әсерін тигізетін жаттығуларды жасауды үйренді (сенімділік деңгейі $p < 0,001$).

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастар өз жағдайларының ауырлығын бағалай алатын болды ($p < 0,02$), сонымен бірге жалпы жағдайның нашарлап келе жатқанын тани алатын болды ($p < 0,001$). Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға өз ауруын басқару туралы білім бергеннен кейін жеке құралдарының (спейсер, пикфлоуметр) пайдалану мақсатын түсіндіре алатын болды ($p < 0,03$). Науқастар үйде өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау үшін күнделік жүргізе бастады ($p < 0,001$). Стресті азайтуды және стрестік жағдайды бақылауды (жылағыштық, тітіркенуді) үйренді ($p < 0,001$).

Науқастар өз ауруын басқару бағдарламасына қатысқандарына қанағаттанғаны анықталды ($p < 0,001$). Дәрі-дәрмектерді күнделікті тұрақты қабылдауды әдетке айналдырды ($p < 0,001$). Олардың жағдайы әлдеқайда жақсырақ тұрақтанғаны анық болды ($p < 0,001$).

Алғашқы медико-санитарлық көмек деңгейінде дәрігерлер өз ауруын басқару туралы бағдарламадан кейін психологтың кеңесін тағайындай бастағаны анықталды ($p < 0,02$), сонымен қатар науқастар өзге науқастарға да өз ауруын басқару туралы бағдарламаға қатысуға ұсыныстар жасады. ($p < 0,001$). Науқастар аурудың себебінен болатын асқынулар туралы көбірек білгендері анықталды ($p < 0,001$).

Қорытынды. Осылайша, өз ауруын басқару бағдарламасы бойынша науқастарды оқыту тыныс алу жүйесіне жақсартатын жаттығуларға, өз жағдайларының ауырлығын бағалауға, жалпы жағдайның нашарлап келе жатқанын тани алатындығына, жеке құралдарының (спейсер, пикфлоуметр) пайдалану мақсатын түсіндіре алатындығына, үйде өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау үшін күнделік жүргізе алатындығы сияқты көрсеткіштерге оң әсер етті. Стрессті азайтуды және стресстік жағдайды бақылауға және дәрі-дәрмектерді күнделікті тұрақты қабылдауды әдетке айналдырып, жалпы жағдайы әлдеқайда жақсырақ тұрақтанғаны анықталды. Науқастар аурудың себебінен болатын асқынулар туралы көбірек білгендері анықталып, өзге науқастарға да өз ауруын басқару туралы бағдарламаға қатысуға ұсыныстар жасады және дәрігерлер өз ауруын басқару туралы бағдарламадан кейін психологтың кеңесін тағайындай бастағаны анықталды.

Талқылау. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға өз ауруын басқару туралы білім бергеннен кейін олар тыныс алу жүйесіне жақсы әсерін тигізетін жаттығуларды жасауды үйренді. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастар өз жағдайларының ауырлығын бағалай алатын болды, сонымен бірге жалпы жағдайның нашарлап келе жатқанын тани алатын болды. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға өз ауруын басқару туралы білім бергеннен кейін жеке құралдарының (спейсер, пикфлоуметр) пайдалану мақсатын түсіндіре алатын болды. Науқастар үйде өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау үшін күнделік жүргізе бастады. Стрессті азайтуды және стресстік жағдайды бақылауды үйренді. Науқастар өз ауруын басқару бағдарламасына қатысқандарына қанағаттанғандықтары анықталды. Дәрі-дәрмектерді уақытылы тұрақты қабылдауды әдетке айналдырды. Олардың жағдайы әлдеқайда жақсырақ тұрақтанғаны анық болды.

Ал алғашқы медико-санитарлық көмек деңгейінде дәрігерлерге келетін болсақ олар науқастарға өз ауруын басқару туралы бағдарламадан кейін психологтың кеңесін тағайындай бастағаны анықталды, сонымен қатар науқастар өзге науқастарға да өз ауруын басқару туралы бағдарламаға қатысуға ұсыныстар жасады. Науқастар аурудың себебінен болатын асқынулар туралы көбірек мағлұмат білгендері анықталды.

Сондықтан өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен ауыратын науқастарға өз ауруын басқару туралы бағдарлама ауру ағымы мен болжамына және өмір сапасына әсер ететін көрсеткіштерге оң нәтиже береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Barrecheguren M, Bourbeau J. Self-management strategies in chronic obstructive pulmonary disease: a first step toward personalized medicine // Curr Opin Pulm Med. – 2018. - №24(2). – P. 191-198
- 2 А.Ю.Трофимова, В.П.Колосов. Эффективность образовательного направления у больных хронической обструктивной болезнью легких // Бюллетень. – 2010. – Вып.37. - С.37-41.
- 3 Мещерякова Н.Н. Качество жизни – важнейший интегральный показатель состояния здоровья // Пульмонология и аллергология. - 2005. - №2. - С. 37–39.
- 4 Jutkowitz E, Nyman JA, Michaud TL, Abraham JM, Dowd B. For what illnesses is a disease management program most effective? // Occup Environ Med. – 2015. - №57(2). – P. 117-123.
- 5 Yang IA, Brown JL, George J, Jenkins S, McDonald CF, McDonald VM, Phillips K, Smith BJ, Zwar NA, Dabscheck E. COPD-X Australian and New Zealand guidelines for the diagnosis and management of chronic obstructive pulmonary disease: 2017 update // Med J Aust. – 2017. - №207(10). – P. 436-442.
- 6 Yoo KH, Chung WY, Park JH, Hwang SC, Kim TE, Oh MJ, Kang DR, Rhee CK, Yoon HK, Kim TH, Kim DK, Park YB, Kim SH, Yum HK. Short-term Evaluation of a Comprehensive Education Program Including Inhaler Training and Disease Management on Chronic Obstructive Pulmonary Disease // Tuberc Respir Dis. – 2017. - №80(4). – P. 377-384
- 7 Blackmore C1, Johnson-Warrington VL, Williams JE, Apps LD, Young HM, Bourne C, Singh SJ. Development of a training program to support health care professionals to deliver the SPACE for COPD self-management program // J Chron Obstruct Pulmon Dis. – 2017. - №12. – P. 1669-1681.
- 8 С. А. Пупышев, И. М. Акулин, Л. В. Куколь. Определение мотивационного потенциала пациентов для участия в программах самоуправления заболеванием (self-management) при хронической обструктивной болезни легких // Вестник Санкт-петербургского университета. - 2016. - С.73-79.

Н.У. Алкенова, Р.К. Назарбаева, Л.К. Кошербаева

*Западно-казахстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова
Кафедра доказательной медицины и научного менеджмента*

ЭФФЕКТИВНОСТЬ САМОУПРАВЛЕНИЯ БОЛЕЗНЬЮ У БОЛЬНЫХ С ХОБЛ

Резюме: Внедрение самоуправления хронической обструктивной болезнью легких (ХОБЛ) с помощью образовательной программы может улучшить качество жизни, уменьшить частоту госпитализаций, а также улучшить симптомы.

Одна из самых важных проблем при ведении больных с ХОБЛ – следование их полученным рекомендациями от лечащего врача. В связи с этим, целью нашего исследования явилось изучение эффективности образовательной программы у больных ХОБЛ с помощью метода анкетирования.

Нами разработан опросник для оценки влияния образовательной программы на больных ХОБЛ. Опросник содержит 4 блока: 1 блок содержит паспортную часть и социальное положение, 2 блок – уровень сотрудничества со здравоохранением, 3 блок – уровень знания по самоуправлению заболеванием, 4 блок – факторы риска. Анкетирование проводилось дважды. Первое анкетирование проводилось до создания и функционирования образовательной программы. Второе анкетирование было проведено после 3-х месяцев.

Ключевые слова: Хронические обструктивные болезни легких, самоуправление, программа управления заболеванием, качество жизни.

N.U. Alekenova, R.K. Nazarbaeva, L.K. Kosherbaeva
West Kazakhstan State Medical University named after Marat Ospanov
Department of Evidence-Based Medicine and Scientific Management

EFFECTIVENESS OF SELF-MANAGEMENT OF THE DISEASE IN PATIENTS WITH COPD

Resume: The introduction of self-management of chronic obstructive pulmonary disease (COPD) through an educational program can improve the quality of life, reduce the frequency of hospitalizations, and improve symptoms.

One of the most important problems in managing patients with COPD is following their recommendations from the attending physician. In this regard, the purpose of our study was to study the effectiveness of the educational program in patients with COPD using the method of questioning.

We developed a questionnaire to assess the impact of the educational program on COPD patients. The questionnaire contains 4 blocks: 1 block contains the passport and social status, 2 block-level of cooperation with health, 3 block-level knowledge on self-management of the disease, 4 block-risk factors. The survey was conducted twice. The first questioning was conducted before the creation and functioning of the educational program. The second survey was conducted after 3 months.

Keywords: chronic obstructive pulmonary disease, self-management, disease management program, quality of life